Түзетулер шарттың ауыртпалықты немесе шығынды екенін бағалау кезінде ұйым қосымша шығындарды да (мысалы, еңбек ақысы мен материалдарға тікелей шығындар) және шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да (мысалы, осы шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтың өтемпұлы бойынша шығындар, сондай-ақ шарттың орындалуын сүйемелдеу және бақылау шығындары) қамтитын тауарларды немесе қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруі тиіс екенін түсіндіреді. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес және оларды шарт бойынша контрагент нақты өтеуге жататын жағдайларды қоспағанда, есепке алынбайды.

"Тұжырымдамалық негіздерге" сілтемелер – ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулері

Түзетулер нәтижесінде ХҚЕС бойынша Кеңестің "Тұжырымдамалық негіздерінің" бұрынғы редакциясына сілтемелер осы құжаттағы талаптарға елеулі өзгерістер енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған "Тұжырымдамалық негіздердің" қолданыстағы редакциясына сілтемелерге ауыстырылды.

Жеке операциялар аясында пайда болған жағдайда ХҚЕС (IAS) 37 "Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер" қолдану немесе ХҚЕТК (IFRIC) 21 "Міндетті төлемдер" түсіндерме саласына жатуы ықтимал міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін "2-ші күннің" болжамды пайdasын немесе залалын болдырмау үшін түзетулер нәтижесінде ХҚЕС (IFRS) 3 "Бизнестің бірлестігін" мойындау қағидатынан ерекшелік қосылды. Осы ерекшелікке сәйкес, ұйымдар "Тұжырымдамалық негіздер" ережелерін қолданудың орнына, сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін ХҚЕС (IAS) 37 өлшемшарттарын немесе ХҚЕТК (IFRIC) 21 түсіндірмелерін қолдануы керек.

ХҚЕС (IFRS) 3 мәтініне енгізілген түзетулердің нәтижесінде сатып алу күніне шартты активті мойындауға жол берілмейтінін түсіндіретін жаңа параграф қосылды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді, өйткені қарастырылып отырган кезеңде осы түзетулердің қолданысына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындаады.

ХҚЕС (IAS) 16 – "Негізгі қаражат: мақсатына сай пайдалануға дейінгі түсімдер" түзетулері

Осы түзетулерге сәйкес ұйымдарға негізгі қаражат нысанының бастапқы құнынан осы нысанды орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіру процесінде өндірілген өнімдерді сатудан түсken кез келген түсімдерді шегеруге тыым салынады. Оның орнына ұйым осында өнімдерді сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы өнімдерді өндіру құнын пайда немесе залал ретінде мойындаады.

Осы түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді, өйткені қаржылық есептілікте ұсынылған ең ерте кезеңнің басталу (немесе одан кейін) күніне пайдалануға қолжетімді болған осында негізгі қаражат нысандары өндірілген өнімдерді сату болмады.



ХҚЕС (IFRS) 1 "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолдану"
түзетулері - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын
еншілес ұйым

Осы түзетуге сәйкес, егер бас ұйым атаптап өткізу көрсету мақсаттары үшін ешқандай түзетулер жасалмаса, ХҚЕС (IFRS) 1-дің D16 (a) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым, бас ұйымның ХҚЕС-ке көшү
күнін негізге ала отырып, бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген
сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Бұл түзету
ХҚЕС (IFRS) 1-дің D16 (a) тармағын қолдануды шешетін қауымдастырылған ұйымға немесе
бірлескен кәсіпорынға да қолданылады.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жок, өйткені ол
ХҚЕС-ты алғаш рет қолданатын ұйым болып табылмайды.

**ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары" түзетулері - қаржылық міндеттемелерді мойындауды
тоқтату үшін "10% тест" өткізген кезде комиссиялық сыйақы**

Түзетуде ұйым жаңа немесе өзгерілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық
міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай ерекшеленетін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық
сыйақы сомалары түсіндірледі. Мұндай сомаларға тек белгілі бір несие беруші мен қарыз алушы
арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар, сонын ішінде несие беруші немесе
қарыз алушы екінші тараپтың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақы кіреді. ХҚЕС
(IAS) 39 "Қаржы құралдары: мойындау және бағалау" үшін ұқсас түзету қарастырылмаған.
Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жок, өйткені
қарастырылып отырған кезеңде Топтың қаржы құралдарына өзгертулер енгізілмеген.

ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» түзетулері – әділ құнды бағалау кезінде салық салу
Бұл түзету ХҚЕС (IAS) 41-нің 22-тармағындағы ұйымдардың ХҚЕС (IAS) 41 қолдану саласына
жататын активтердің әділ құнның бағалау кезінде салық салуға байланысты ақша ағындарын есепке
қоспайтыны туралы талапты жояды.

Бұл түзетулер Кәсіпорынның қаржылық есептілігіне әсер еткен жок.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әділ құнды бағалау

Әділ құн - бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар
арасында әдеттегідей жасалған мәміле шенберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ
құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле келесі шарттарда болады деп
болжайды:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін негұрлым қолайлы
нарықта.

Кәсіпорынның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жетімділігі болуы керек.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің
бағасын айқындау кезінде пайдаланатын болжамдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте
нарық қатысушылары өз мүддесі үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ



**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР**

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және тиімді түрде пайдалану арқылы немесе осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайда шығару мүмкіндігін ескереді.

Кәсіпорын қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, қолданады.

Қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі:

- 1 деңгей - бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (ешқандай түзетулерсіз);
- 2-денгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері;
- 3-денгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Кәсіпорын активтер мен міндеттемелерді олардың сипатына, өзіне тән сипаттамалары мен тәуекелдеріне, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясындағы қолданылатын деңгейге қарай жіктеді.

Негізгі қаражат

Негізгі қаражат жинақталған тозу мен құнсыздануды шегергендеңі бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасынан, активті жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындар түрінен және қажет болған жағдайда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Жиынтық төленген құн немесе активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны сатып алу бағасы болып табылады.

Жер мен аяқталмаған құрылышты қоспағанда, негізгі құралдардың тозу тікелей әдіспен есептеледі. Тозу келесі пайдалы қызмет мерзімдерін қолдана отырып есептеледі:

Компьютерлер мен компьютерлік техника	3-5 жыл
Басқалары	3-15 жыл

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құнның өтелмейтінін көрсететін кез келген оқигалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер орын алған жағдайларда құнсыздану тұргысынан қайта қаралады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Кәсіпорындар оқигалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер активтің ағымдағы құнның өтеу мүмкін еместігін көрсететін жағдайларда активтерді немесе активтер топтарын құнсыздану тұргысынан бағалайды. Жеке активтер негізінен басқа активтер топтары тудыратын ақша ағындарынан тәуелсіз болатын анықталатын ақша ағындары бар ең төменгі деңгейдегі құнсыздануды бағалау мақсатында топтастырылады. Егер құнсызданудың осындағы көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтер тобын құнсыздануға жыл сайынғы тестілеу талап етілсе, Кәсіпорын активтің өтелетін құнның бағалауды жүзеге асырады.

Активтер тобының өтелетін құнны оларды сатуға арналған шығындар мен пайдалану құнның шегергендеңі әділ құнның ең үлкені болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны өтелетін



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

құннан асатын жағдайларда активтер тобы құнсыздануға жатады және ауыстыру құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауларын көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнга дисконттады.

Әрбір есеп беру қүніне бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың бұдан былай жоқ екендігінің немесе азайғанының қандай да бір көрсеткіштері бар - жоғына қатысты бағалау жүргізіледі. Егер мұндай көрсеткіштер болған жағдайда өтелетін құнын бағалау жүргізіледі. Құнсыздану бойынша бұрын мойындалған залалға құнсыздану бойынша соңғы залал мойындалған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болған жағдайда ғана түзетпе жасалады.

Мұндай жағдайда активтің қалдық құны өтелетін құнға дейін ұлғаяды. Активтің ұлғайтылған құны, алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша залал мойындалмаған жағдайдағы тозуды немесе өтемпұлды шегергенде анықталуы мүмкін ағымдағы құннан аспауы тиіс. Мұндай түзетпе жасау жиынтық табыс бойынша есептемеде мойындалады.

Түзетпе жазба жүргізілгенен кейін, кейінгі кезеңдерде пайдалы қызметтің қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде активтің қалдық құнын шегергендеңі қайта қаралған ағымдағы құнын бөлу үшін өтемпұл бойынша шығындар түзетіледі.

Қаржылық активтер

Бастапқы мойындау жснеб бағалау

Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтері кейіннен өтемпұл құны бойынша, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн (БЖКАӘК) бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн (ПЗАӘК) бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктеледі. Бастапқы мойындау кезінде қаржылық активтердің жіктелуі сипаттамаларға, қаржылық актив бойынша келісімшарттық ақша ағындарына және Кәсіпорын осы активтерді басқару үшін қолданатын бизнес ұлгісіне байланысты. Қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігін қамтымайтын немесе Кәсіпорын оған қатысты практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған сауда-саттық дебиторлық берешегін қоспағанда, Кәсіпорын бастапқыда қаржы активтерін мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша емес бағаланатын қаржы активтері жағдайында ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігін қамтымайтын немесе Кәсіпорын оған қатысты практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған сауда-саттық дебиторлық берешек ХҚЕС 15 - ке сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады. Қаржы активін өтемпұл құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеу және бағалау мүмкіндігі болу үшін, осы активтің шарттық талаптары негізгі қарыз сомасының өтмелеген бөлігіне "тек негізгі қарыз сомасы мен пайыз есебіне төлемдер" болып табылатын ақша ағындарын алушы шарттауы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель Кәсіпорын ақша ағындарын құру мақсатында өзінің қаржылық активтерін басқару тәсілін сипаттайты. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алушын, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатынын анықтайты.

Барлық операциялар, салық, заннамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес активтерді жеткізуі талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату (стандартты шарттармен сауда жасау) мәміле жасалған құні, яғни Кәсіпорын активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған құні мойындалады.



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- "борышқорлық құралдар" өтемпұл құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

Өтемпұл құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (ұзақ мерзімді құралдар)

Бұл санат Кәсіпорын үшін ең қолайлы болып табылады. Егер келесі шарттардың екеуі де орындалса, Кәсіпорын қаржылық активтерді өтемпұл құны бойынша бағалайды:

- шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалуға бағытталған бизнес-модель шенберінде ұсталатын қаржы активі; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек қарыздың негізгі сомасы есебіне және борыштың негізгі сомасының өтмелмен белгіне пайыздардың төлемдері болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттайтының.

Өтемпұл құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активтің мойындалуының тоқтатылуы, оның өзгертуі немесе құнсыздануы жағдайында пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Кәсіпорын өтемпұл құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына дебиторлық берешек пен банктік салымдарды жатқызады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Кәсіпорынның пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қандай да бір елеулі қаржылық активтері жоқ.

Мойындалудың тоқтатылуы

Қаржы активі (немесе қолданылатын жерде — қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) келесі жағдайларда теңгерімде мойындалуын тоқтатады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының мерзімі аяқталды;
- Кәсіпорын активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе "транзиттік" келісім бойынша алынған ақша ағындарын толық қолемде және елеулі кідіріссіз үшінші тарапқа төлеу бойынша міндеттеме алды; және не (а) Кәсіпорын активтен іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы берді, не (б) Кәсіпорын іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайданы бермеді, бірақ өзіне де қалдырмады, бірақ осы активтің бақылауын тапсырды.

Бұл жағдайда Кәсіпорын тиісті міндеттемені де мойындаиды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Кәсіпорын сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша мойындалады: активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Кәсіпорыннан төленуі талап етілуі мүмкін ең жоғары сома.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есеп беру күніне Кәсіпорын қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы актив бастапқы мойындалғаннан кейін ("залал келтіру жағдайының" басталуы) болған, қаржы активі немесе қаржы активтері тобы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарына сенімді бағалауға болатын әсер еткен бір немесе одан да көп оқиғалардың нәтижесінде



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

құнсыздандық объективті дәлелі болған кезде ғана құнсызданған болып есептеледі. Құнсыздану күәліктері борышкердің немесе борышкерлер тобының елеулі қаржылық қындықтарға тап болғанын, өз берешегін жүзеге асыра алмайтынын немесе пайыздарды немесе берешектің негізгі сомасын төлеуді ақаулы түрде жүзеге асыратынын, сондай-ақ олардың банкроттық немесе өзге де түрдегі қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізу ықтималдығын көрсетуді қамтуы мүмкін. Бұдан басқа, мұндай күәліктерге қаржы құралы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарының бағаланатын төмендеуінің болуын көрсететін, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің немесе борыштарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан бас тартумен белгілі бір өзара байланыстағы экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты байқалатын деректер жатады. Бұрын мойындалған қорды қалпына келтіру қордағы азаю мойындалғаннан кейінгі оқиғалармен тікелей байланысты болған кезде мойындалады. Құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру табыс ретінде мойындалады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы мойындау және бағалау

Қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе залал, несиeler мен қарыздар арқылы әділ құны бойынша асыра бағаланатын қаржылық міндеттемелер немесе тиімді хеджерлеу кезінде хеджерлеу құралдары ретінде анықталған туынды құралдар ретінде жіктеледі. Кәсіпорындар өздерінің қаржылық міндеттемелерін бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша тікелей байланысты шығындарға қарыздар мен несиeler болған жағдайда ұлғайтылған әділ құн бойынша мойындалады.

Кәсіпорынның қаржылық міндеттемелеріне сауда кредиторлық берешегі және қаржылық жалдау міндеттемелері кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау келесідей олардың жіктелуіне байланысты:

"Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша асыра бағаланатын қаржылық міндеттемелер" санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бастапқыда асыра бағаланатын деп мойындалған кезде айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығындар жиынтық залал туралы есептемеде мойындалады.

Кәсіпорынның пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бастапқыда асыра бағаланатын деп мойындалған кезде айқындаған қаржылық міндеттемелері болмайды.

Бастапқы мойындаудан кейін пайыздық несиeler мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, өтемпұл құны бойынша бағаланады. Осындағы қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығындар оларды мойындау тоқтатылған кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, өтемпұлды есептеу шамасына қарай жиынтық табыс бойынша есептемеде мойындалады.

Өтемпұл құны сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық алымдарды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің өтемпұлы қаржыландыру бойынша шығындардың құрамына енгізіледі.



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Мойындалудың тоқтатылуы

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемені мойындау тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай өзгеше шарттарда сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе қолда бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерген болса, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату және жаңа міндеттеменің мойындалуын бастау ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда немесе залал арқылы мойындалады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есеп беру күніне оларды сату белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындарды шегермей, нарықтық баға белгіленімдеріне немесе дилерлердің баға белгіленімдеріне (ұзак позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позициялар үшін сатуға арналған баға белгіленімдері) сүйене отырып айқындалады.

Сатылуы белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн бағалаудың тиісті әдістемелерін қолдану жолымен айқындалады. Мұндай әдістемелер жақында сауда-саттық негізінде жүргізілген бағаларды пайдалануды, ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды; дисконтталған ақша ағындарын талдау немесе басқа бағалау модельдерін қамтуы мүмкін.

Өзара есепке алу

Тек келесі жағдайларда ғана қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуга, ал нетто-сома қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуға тиіс:

- Мойындалған сомаларды өзара есепке алуға қазіргі уақытта қолданыстағы занды құқық болған кезде;
- Нетто-негізде есеп айырысу немесе активтерді сату және сонымен бірге міндеттемелерді өтегу ниеті болған кезде.

Жалдау

Жалдау жалдау қатынастарының басталу күніне қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі.. Меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдалар Кәсіпорынга ауысатын жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалдау мерзімінің басталу күніне жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша немесе егер бұл сома аз болса, ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталға айналады. Жалдау төлемдері қаржыландыру шығындары мен жалдау міндеттемесінің негізгі қарызының төмендеуі арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық мөлшерлеме алынатындей етіп бөлінеді. Қаржыландыру шығындары тікелей пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив активтің пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда, егер жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы кәсіпорынға ауысатынына негізделген сенім болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқа мерзімінде амортизацияланады: активті пайдаланудың есептік мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жиынтық шығын туралы есепте жалдау мерзімі ішінде сыйықтық әдіспен операциялық шығындар ретінде мойындалады.

Жалға алушы ретіндеңін кәсіпорын

Кәсіпорын қысқа мерзімді және төмен құны бар активтерді жалға алушы қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындау мен бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Кәсіпорын жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау міндеттемелерін және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы түріндегі активтерді мойындайды.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Кәсіпорын активтерді жалдау басталған күнге пайдалану құқығы түрінде мойындайды (яғни негізгі актив пайдалануға қол жетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен жинақталған амортизацияны және күнсизданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергенде, жалдау басталған күні немесе осындағы күнге дейін жүргізілген жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің, бастапқы тікелей шығындардың және жалдау төлемдерінің шамасын қамтиды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімінде сзықтық әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтерді пайдаланудың болжамды мерзімі.

Если в конце срока аренды право собственности на арендованный актив переходит к Предприятию или если первоначальная стоимость актива отражает исполнение опциона на его покупку, актив амортизируется на протяжении предполагаемого срока его полезного использования активы в форме права пользования также подвергаются проверке на предмет обесценения (описание учетной политике в разделе (h) «Обесценение нефинансовых активов»).

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Кәсіпорын жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірінді құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне кез келген ынталандырушы жалдау төлемдерін шегергенде тұрақты төлемдер (соның ішінде мәні бойынша белгіленген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты өзгермелі жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне сол сияқты Кәсіпорын сатып алу опционын орындастынына жеткілікті сенімділік болса, осы опционның ереуіл бағасы және жалдау мерзімі Кәсіпорынның жалға алушы тоқтату опционның ықтимал орындалуын көрсетсе, жалға алушы тоқтату үшін айыппұл төлемдері де кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері Кәсіпорынның жалдау төлемдерінің келтірінді құнын есептеу үшін осындағы төлемдерді жүзеге асыруға әкеп соқтыратын оқиға немесе шарт туындастын кезеңдегі шығындар ретінде мойындалады, жалдау басталған күні ҚОСЫМША қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені анықтау оңай емес. Жалға алу басталған күннен кейін пайыздарды есептеді көрсету үшін жалдау міндеттемелерінің шамасы ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен қатар, Кәсіпорын жалдау міндеттемелерінің тенгерімдік құнын өзгерткен, жалдау мерзімін өзгерткен, жалдау төлемдерін өзгерткен (мысалы, мұндай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты болашақ төлемдердің өзгеруі) немесе негізгі активті сатып алу опционның бағасын өзгерткен жағдайда қайта бағалауды жүргізеді.

Жалға беруші ретіндеғі кәсіпорын

Кәсіпорында активке иелік етумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдалар қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болған жалдау кірісі жалдау мерзімі ішінде сзықтық әдіспен есептеледі және өзінің операциялық сипаттына байланысты пайда немесе залал туралы есепте кіріске енгізіледі. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің тенгерімдік құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалдау кірісі сияқты негізде мойындалады. Шартты жалдау ақысы ол алынған кезеңдегі кірістің бөлігі ретінде мойындалады.

Қорлар

Қорлар өзіндік құнның және сатудың таза құнның ең аз сомасы бойынша көрсетіледі.

Қорлардың өзіндік құны орташа өлшенген құн әдісі бойынша анықталады. Сатудың таза құны - бұл қолданыстағы өзгермелі сауда шығындары мен өндірісті аяқтау шығындарын шегергендеңі әдеттегі экономикалық қызмет шеңберіндегі болжамды сату бағасы.



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Үқас сипаттағы және мақсаттағы барлық қорларға қатысты құнын есептеудің бірдей формуласы қолданылады.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, талап етілгенге дейінгі салымдардағы қаражатты, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын өзге де қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есепте активтер мен міндеттемелер олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелуі негізінде ұсынылады. Мынадай жағдайларда актив қысқа мерзімді болып табылады:

оны сату көзделеді немесе ол әдеттегі операциялық цикл шенберінде сатуға немесе тұтынуға арналған;

ол негізінен сауда мақсаттарына арналған;

оны есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өткізу көзделеді;

ол есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде айырбастау немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалану шектеулері болған жағдайларды қоспағанда, ақшалай қаражат немесе олардың баламалары болып табылады.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Мынадай жағдайларда міндеттем қысқа мерзімді болып табылады:

ол әдеттегі операциялық цикл аясында өтелеуі керек;

ол негізінен сауда мақсатында шегеріледі;

ол есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтеуге жатады; немесе Кәсіпорынның есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы жоқ.

Кәсіпорындар барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн - бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегідей жасалған мәміле шенберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле келесі шарттарда болады деп болжайды:

осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;

негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Кәсіпорынның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жетімділігі болуы керек.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын болжамдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүддесі үшін әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және тиімді түрде пайдалану арқылы немесе осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайда шығару мүмкіндігін ескереді.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кәсіпорын қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, қолданады.

Қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шенберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі:

1 деңгей - бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (ешқандай түзетулерсіз);

2-деңгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері;

3-деңгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Жекелеген қаржылық есептілікте кезеңдік негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Кәсіпорын әрбір есеп беру кезеңінің соңына жіктеуді (тұластай алғанда әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, оларды иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Ақшалай түсімді мойындау

Егер ақшалай түсімді сенімді түрде бағалауга болатын жағдайда Кәсіпорын экономикалық пайда табуы мүмкін болса, ақшалай түсім мойындалады. Ақшалай түсім жеңілдіктер мен басқа да салықтарды немесе сатудан алынатын төлемдерді шегергенде алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Кәсіпорынның қызметі дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатумен байланысты.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ақшалай түсім қызметтермен бақылау сатып алушыға берілген кезде мойындалады және Кәсіпорын осындағы қызметтерге айырбастау құқығын алуды күтетін өтемді көрсететін сомада бағаланады. Кәсіпорын ақшалай түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, өйткені Кәсіпорын қызметтерді сатып алушыға бергенге дейін бақылайды.

Кәсіпорын ақшалай түсім қорларды бақылау сатып алушыға берілген кезде белгілі бір уақытта мойындалуы керек деген қорытындыға келді, бұл, әдетте, қорларды сатып алушыға жөнелту кезінде орын алады.

Кәсіпорында ауыспалы өтемнің әсері жоқ, өйткені келісім-шартта мәміле бағасының бір бөлігін бөлу қажет болатын орындалуы қажет жеке міндеттер болуы мүмкін басқа уәделер (мысалы, кепілдіктер, сатып алушылардың адалдық бағдарламасы бойынша берілген жүлде ұпайлары) қарастырылмаған.

Әдетте, Кәсіпорын қызмет көрсеткенге дейін сатып алушылардан алғытөлемдер алады. Соңғы есеп 30 күн ішінде қызмет көрсетілгеннен кейін жүзеге асырылады. XКЕС (IFRS) 15 көзделген практикалық сипаттағы оңайлатуды пайдалану нәтижесінде, шарт жасасу сәтінде Кәсіпорын қызметті сатып алушыға беру мен осындағы тауарды немесе қызметті сатып алушының телеуі арасындағы мерзім бір жылдан аспайтынын болжаса, ол қаржыландырудың елеулі құрамдас белігінің ықпалын ескере отырып, өтеудің уәде етілген сомасын түзетпейді.

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив сатып алушыға берілген қызметтердің орнына өтемақы алу құқығы болып табылады. Егер Кәсіпорын сатып алушы өтемдітөлегенге дейін немесе өтем төленуге жататын болған сәтке дейін сатып алушыға қызмет көрсетсе, онда шартты болып табылатын алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив мойындалады.



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Кәсіпорынга шартсыз болып табылатын өтемақы алу құқығын білдіреді (яғни, мұндай өтемақы төленуге жататын сәттің басталуы тек уақыттың өтуіне байланысты). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты XKEC (IFRS) 9 "Қаржы құралдары" бөлімінде қаралады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме - бұл Кәсіпорынның сатып алушыдан өтемақы алатын (немесе алған) қызметтерді сатып алушыға беру міндеті. Егер Кәсіпорын қызметті сатып алушыға бермес бұрын сатып алушы өтемақы төлесе, шарт бойынша міндеттеме төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуге жататын сәтте (қайсысы бірінші орын алатынына байланысты) мойындалады. Шарт бойынша міндеттемелер Компания шарт бойынша өз міндеттерін орындаған кезде ақшалай түсім ретінде мойындалады.

Сынақы бойынша табыс

Табыс пайыздардың есептелуіне қарай мойындалады (қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде күтілетін болашақ ақша ағындарын қаржы активінің таза ағымдағы құнына әкелетін тиімді пайызыдық мөлшерлеме әдісі бойынша).

Шығындарды мойындау

Шығындар пайда болған сәтте есепке алынады және есептеу әдісі негізінде олар жататын кезендегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар және соған байланысты аударымдар

Жалақыға, зейнетакы аударымдарына, әлеуметтік сақтандыру қорларына жарналарға, жыл сайынғы төленген демалыстарға және еңбекке жарамсыздығы бойынша демалыстарға, сыйлықақыларға және ақшалай емес жеңілдіктерге арналған шығындар Кәсіпорын қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі. Кәсіпорын өз қызметкерлерінің атынан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген зейнетакы және жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлейді. Мұндай шығындар мен төлемдер жүзеге асырылуына қарай пайда мен залал есебінде көрсетіледі. Қызметкерлер зейнеткерлікке шыққан кезде Кәсіпорынның қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және зейнеткерлікке шыққан қызметкерлерге барлық кейінгі төлемдерді мемлекеттік және жеке жинақтаушы зейнетакы қорлары жүзеге асырады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығындар төленетін ағымдағы табыс салығының және кейінге қалдырылған табыс салығының сомасын білдіреді.

Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы бір жылдағы салық салынатын пайда негізінде есептеледі. Салық салынатын пайда жиынтық шығын туралы есепте көрсетілген таза табыстан ерекшеленеді, өйткені ол басқа есеп беру кезеңдерінде салық салынатын немесе шегерілетін кірістер мен шығындар сомаларын қамтымайды, сонымен қатар ешқашан салық салынатын немесе шегерілетін деп танылмайтын сомаларды қамтымайды. Компанияның ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелері қаржылық жағдай туралы есеп беру күнінде қолданыста болған салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны мен міндеттемелер әдісі бойынша есептелген салық салынатын пайданы айқындау мақсаттары үшін мойындалған тиісті сомалар арасындағы айырмашылықтар бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер әдетте барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары үшін мойындалады.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер салық салынатын пайда уақытша шегерілтін айырмашылықтарды өтеу үшін жеткілікті болатын дәрежеде мойындалады..

Егер уақытша айырмашылық гудвиллден немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін операциялардың активтері мен міндеттемелерін бастапқы мойындаудан (кәсіпорындарды біріктіру операцияларынан басқа) туындаса, мұндай активтер мен міндеттемелер мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің тенгерімдік құны әрбір есеп беру күніне бағаланады және активтің барлық сомасы немесе бір бөлігі өтелуі мүмкін жеткілікті салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бұдан былай болмайтын дәрежеде азаяды. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер немесе міндеттемелер активтер шығарылуы немесе міндеттемелерді өтеу кезеңі ішінде қолданылуы күтілетін мөлшерлемелер бойынша ескеріледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

Кәсіпорынның ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуға занды түрде бекітілген құқығы бар;

Міндеттемелер бір ғана салық органы өндіріп алатын табыс салығына жатады;

Кәсіпорын өзінің салық активтерін өтеуді және салық міндеттемелерін нетто-негізде өтеуді жоспарлап отыр.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы басқа жиынтық кірістің баптарына немесе тікелей капиталды есепке алу шоттарына қатысты жағдайларды қоспағанда, пайда мен залал есебінде мойындалады. Бұл жағдайда салық та басқа жиынтық табыстың немесе капиталдың құрамында мойындалады.

Байланысты тараптармен мәмілелер туралы ақпаратты ашу

Байланысты Тараптар Кәсіпорынның негізгі басқарушы персоналын, бақылаудағы, бірлескен бақылаудағы немесе елеулі ықпалдағы ұйымдарды немесе Кәсіпорынның негізгі басқарушы персоналына дауыстың елеулі үлесі тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарды, Қатысуышыларды және Қатысуышылардың жалпы бақылауындағы ұйымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте мойындалмайды, бұл ретте олардың өтелуіне байланысты ресурстардың шығуы екіталаі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат жеке қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты активтер жеке қаржылық есептілікте мойындалмайды, бұл ретте олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтимал болған жағдайларда олар туралы ақпарат жеке қаржылық есептілікте ашылады.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар әділ құны бойынша мойындалады.

Қосымша төленген капитал

Негізгі қаражат, материалдық емес активтер және капиталға қосымша жарна ретінде алынған тауарлық-материалдық қорлар қосымша төленген капитал ретінде мойындалады және бастапқы мойындау кезінде әділ құн бойынша есепке алынады. Мұндай активтер Кәсіпорынға осындай активтерді пайдалануға байланысты пайда мен тәуекелдерді берген сәттен бастап Кәсіпорынның қаржылық есептілігінде мойындалады. Болашақта акцияларды берілген активтер есебіне шығару кезінде шығарылған акциялардың номиналды құны қосымша төленген капиталдан акционерлік капиталға ауыстырылады.



2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Сақтық қорлары

Қаржылық есептілікте сақтық қорлар Кәсіпорының өткен оқигалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе тәжірибеден туындастын) міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдаға байланысты қаражаттың шығымы орын алу ықтималдығы болған кезде және осы міндеттемеге тиісті сенімді бағалау жүргізілуі мүмкін болған кезде мойындалады. Егер Кәсіпорын сақтық қордың өтелуін күтсе, өтемақы тек өтеу даусыз болған кезде ғана жеке актив ретінде көрсетіледі.

Егер ақша қаражаттарының уақытша құнының әсері айтарлықтай болса, сақтық қорлар ақша қаражаттарының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және қажет болған жағдайда міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде уақыттың өтуіне байланысты сақтық қордың ұлғаюы қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Есеп беру күнінен кейінгі оқигалар

Есепті жылдың сонында болған, есеп беру күнінде болған жағдайлардың дәлелі болып табылатын оқигалар (түзету оқигалары) жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғаннан кейін болған және түзетуші оқигалар болып табылмайтын оқигалар елеулі болып табылса, есептілікке ескертулерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЛАР

ХҚЕС-ке сәйкес жеке қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және жеке қаржылық есептілікті дайындау күніндегі шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге, кірістерге, шығындарға және есепті кезеңдегі шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Ен маңызды бухгалтерлік бағалау төменде қарастырылады:

Негізгі қаражаттың құнсыздануы

Кәсіпорын негізгі қаражатты қаржылық жағдай туралы есепті дайындаудың әр күніне құнсыздану тұрғысынан қайта қарайды. Егер құнсызданудың осындағы көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтер тобын құнсыздануға жыл сайынғы тестілеу талап етілсе, Кәсіпорын активтің өтелетін құнын бағалауды жүзеге асырады.

